| ***Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) 16.20-16.30*** | ***Дид ойын.*** <br> ***«Ғажайып қапшық»*** <br> *Мақсаты: Ойыншықтардың атын атауды үйренеді* | ***Дид ойын.*** <br> *«Қуыршақты тамақтандыр»* <br> *Мақсаты: балаларға өздері қалаған қуыршақпен ойнауға, тамақтауға мүмкіндік беру.* | ***Дид ойын.*** <br> *«Ғажайып қапшық»* <br> *Мақсаты: Ойыншықтардың атын атауды үйренеді* | ***Дид ойын.*** *«Не артық?»* <br> *Шарты:Балаларға жемістер және көкөністің суреттері беріледі ішінен жемістер суретін көрсетеді..* | ***Денешынықтыру*** <br> ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Қоян келеді. Қоянмен қысқы орманға саяхат.* <br> ***Кіріспе бөлім*** <br> *Сапқа тұру, жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, шеңберге тұру.* <br> ***Негізгі бөлім*** <br> ***1. Жалпы даму жаттығулары доппен.*** <br> ***4– бөлім.*** <br> *1.Аяқты алшақ қою, доп төменде, допты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.4-5 рет.* <br> *2.Допты екі қолмен алға ұстау. Отырып тұру.* <br> *3.Допты екі қолмен ұстау. Еденге тигенше еңкею..* <br> *4.Допты еденге қою. Допты айнала секіру.* <br> ***2.Қимыл - қозғалыс жаттығулары.*** <br> *-Обруч ішіне допты екі қолмен лақтыру.* <br> ***3.Қимылды ойын:*** <br> *«Түрлі – түсті машиналар»* |
| ***Балалармен жеке жұмыс 16.30-16.40*** | ***Еркін ойыны:*** <br> *(құрылысойындар)* <br> *Балалар құрылыс материалдарымен ойнайды.* | ***Шығармашылық саласы*** <br> *Балаларға ермексаз тарату,өз еркінмен мүсіндейді.* <br> *Бақылау* | ***Дид ойын*** <br> ***Сиқырлы суреттер*** <br> ***Мақсаты:*** *ұқсас суреттеді жинайды.* | ***Дид ойын:*** <br> *«Мекенін тап»* <br> ***Мақсаты:****Үй жануарларын мекендерін табады. (Луллия шеңбері.)* | ***Дид ойын*** <br> ***«Суреттерді құрастыр»*** <br> ***Мақсаты:*** *қиылған суреттерді құрастырады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| ***Серуенге дайындық 16.40-16.50*** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| ***Серуен 16.50-18.00*** | ***Картотека №1***<br>*Ауа райын бақылау* | ***Картотека №15***<br>*Бақбақтың өсуін бақылау* | ***Картотека № 4***<br>*Аспанды бақылау* | ***Картотека № 5***<br>*Бұлтты бақылау* | ***Картотека №11***<br>*Ағаштарға бақылау жасау* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы 18.00-18.30*** | *Ата-аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін, ,мысалы:суретті әдемі жапсыруға үйретуін айтып кеңес беремін* | *Балаларды ата-аналарына тапсырып, үйлеріне қайтаруға жағдай жасаймын*<br>*Ата-аналарға тазалық жөнінде кеңесемін.* | *Дыбыстарды дұрыс айта алмайтын балалардың ата-аналарына үйден қадағалауын тапсырамын* | *Ата-аналарға өз балалары және құрдастарымен жылы сөйлесуге ұсыныс айтамын* | *Ата-аналарға апта бойы жүргізілген баламен жұмыстың нәтижесі туралы хабардар етемін.* |

***Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы***

***Білім беру ұйымы №13«Шұғыла»бөбекжай балабақшасы***

***Топ: «Ботақан» Ерте жас топ***

***Балалардың жасы: 1- жас***

***Жоспардың құрылу кезеңі : 10.04 - 14.04 22-23 оқу жылы.***

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды Қабылдау 08.00-08.40*** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.* | | | | |
| ***Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.40-08.50*** | *Ата –аналармен балалардыңтазалығыжөнінде әңгімелесу. балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.*<br>*Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* | | | | |
| ***Балалардың дербес әрекеті баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,*** | ***Картотека №6***<br>***«Әдемі гүл»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру.* | ***Картотека №9***<br>***«Жануарларға қамқор боламыз»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу.* | ***Картотека №16***<br>***«Суретші қай жерде қателесті?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* | ***Картотека № 17***<br>***Сиқырлы суреттер***<br>***Мақсаты:*** *балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.* | ***Картотека № 20***<br>***«Бұл қандай құс?»***<br>*Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.50-09.10*** | | | | | |
| | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан*** | | | | |
| ***Таңғы жаттығу 09.10-09.15*** | *Сәуір айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| ***Таңғы ас 09.15-09.45*** | ***Ойын- жаттығу «Таза қолдар».***<br>*Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.*<br>*Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу* | | | | |
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық 09.45-10.00*** | *ҰІӘ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 10.00-10.15*** | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Дид ойын: «Ненің даусы?»***<br>*Дыбыс шығып есіктен тауық кіреді. Балалар бізге не келді?*<br><br>*Тауық сендерден көмек сұрап келіпті*<br>*Ол өзінің балапанын жоғалтып алыпты. Көмектесеміз бе*<br>*Тауық балапанын іздеп шаршап қалыпты*<br>*- Балалар тауық не жегенді жақсы кореді?*<br>*Олай болса тауыққа жем берейік. Мында тары мен* | ***Қызығушылықты ояту***<br>*-Балалар, біз таңертең ұйқыдан оянып, көзімізді ашқанда ең бірінші нені көреміз?*<br>*-Ендеше, күнмен, жер-анамен, достарымызбен амандасайықшы!*<br>*Армысың, Алтын күн!*<br>*Армысың, Жер-ана!*<br>*Алақанды ашайық,*<br>*Күннің нұрын салайық*<br>***Ой дамыту.***<br>***Сұрақ-жауап***<br>*Балалар осы күн бізге не үшін керек?*<br>*Егер күн болмаса мына гүлдер, шөптер өседе ме?*<br>*Күн маған да саған да керек екен.*<br>*Олай болса күн туралы ертегі еліне саяхат жасайық.* | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Ой,ой не ұшып келе жатыр?***<br>***Көбелек екен.***<br>*Қане көбелек туралы тақпақ айтайық.*<br>*Көбелек –ау көбелек*<br>*Гүлге қоншы көлбеңдеп.*<br>*Балалар көбелектер гүл іздеп жүр екен, оларға көмектесейік.*<br>***Дид ойын: «Гүлзардағы көбелектер мен гүлдер»***<br>***Шарты:*** *гүлзарға топырақтың орнына, қарақұмық жармасын салады. Балаларға жасанды гүлдерді таратып, гүлзарға отырғызуды ұсыну. Оған көбелектер мен гүлдерді орнату.*<br>*Ой балалар мына жақта не тұрған гүлдің бірде-бір күлтешесі ашылмаған екен* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар, бүгін бізге қонақтар келеді, қонақтар өте көңілді, жасырынбақ ойнағанды ұнатады. Сендер олармен ойнағыларың келе ме?*<br>*Ал, ендеше қараңдар,*<br>*Бір, екі, үш, бірінші қонақ шығады*<br>*– Ешкім жоқ, тағы айтайық: Бір, екі, үш, бірінші қонақ шығады!*<br>*(Экранның артында үлкен ушбұрыш көрсетіледі)*<br><br>***Ой қозғау.***<br>*- Балалар, мына геометриялық пішін не* | ***Тосын сәт***<br>***Телефон шырылдайды, педагог телефонды алады.***<br>***- Сәлем Сәлем! Кім айтты? - деп әңгіме өрбиді,***<br>*Әтеш қоңырау шалып, балаларды туған күніне шақырған*<br>*Балалар, Әтеш бізді туған күніне шақырды!*<br>*Айтыңдаршы, туған күн кешіне бару үшін бізге не қажет?*<br>***Балалар: сыйлықтар.***<br>*-Балалар әдемі киініп, әтештің туған күніне барайық,ол бізді күтіп отыр.*<br>*Жолға шығайық*<br>*Қане мен поезд болам, ал сендер вагон боласыңдар кеттік.*<br>*Пыш,пыш, пыш* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *бұршақ араласып кетіпі. Тауыққа тарыны тауып берейік.*<br>***Саусақ моторикасына арналған ойын: «Тары жинаймыз»***<br>*(қалташада тігілген бұршақ пен тарыны айыру)*<br>*Саяхатты хабарлау. Тауықтың балапанын іздеуге жолға шығамыз. мына жерде өзен ағып жатыр екен, қалай өтеміз? Балалар: Көпір саламыз.*<br>*Үлкен дөңгелек тастардан балалар үлкен дөңгелек пішінді жинастырып көпір құрастырады.*<br>*Судың түсі қандай?*<br>***Балалар:*** *Судың түсі көк.*<br>*Судан қолды белге қойып өтеміз.*<br>*Мына судың жиегінде балапандар шалғынға құлап қалыпты қане оларға көмектесін тауыққа берейік.*<br>***Ой қозғау***<br>*«Балапандар» әні.*<br>*Ертін сары балапандарын*<br>*Айдарлы әсем шықты тауық.*<br>*«Кетпеңдер ұзап, балапандарым»,*<br>*Қыт-қыт, - дейді ауық-ауық.* | ***Шығармашылық бұрыш.***<br>***«Күн саулесі» ертегі***<br>*-Ертеде аспанда Күн сәулесі өмір сүріпті.*<br><br>*Күн сәулесі аспанда жалығып, жер бетіне түсуді ойлайды. Жерге түсіп, жылаған гүлді көреді.*<br><br>*Күн оған оған жылуын сыйлайды. Гүл қуанып, күлімсіреп, рақметін айтады.*<br><br>*Ұшып бара жатып, қанатын сулап алып ұша ламай жүрген араны көреді.*<br><br>*Күн шуағымен қанатын кептіріп, араның ұшуына көмектеседі. Ара да оған* | *Қане гүлдің күлтешесін ашу үшін не істеуіміз керек.*<br>***Дид ойын: «Гүл күлтелері»***<br>***Шарты:*** *Гүлдің әр күлтесіне ермексазды жағу арқылы әсемдеу.*<br>***Дид ойын: «Гүл тереміз»***<br>*Шарты: Қызыл, сары, жасыл түсті себетке түстеріне сәйкес гүлдер терін салу.*<br>*Қарандаршы себетіміз қандай әдемі болып шықты*<br>***Бейнетаспадан гүлдерді тамашалау***<br>***Ой қозғау.***<br>*Гүлдерді қалай күту керек білесіңдер ме?*<br>*-Гүлдер әдемі болып өсу үшін не керек?*<br>***Сергіту жаттығуы:***<br>*Шаршағанда ырғалып*<br>*Гүлге ұқсап демалам*<br>*Қолдарымды қозғалтып,*<br>*Гүлдей болып жайқалам.*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Дене шынықтыру***<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>*Амандасу*<br>*Шеңберге тұру.Шеңбермен жүру*<br>*-Түрлі бағытта жүру,жүгіру*<br>*- Жай жүріспен жүру*<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар: (жалаушамен)***<br>*1.Б.қ. тұру, қол төменде, жалауша бір қолда.*<br>*Жалаушаны оң (сол)қолмен жоғарыда, төменде сілтеу.*<br>*(3-4 р)* | *екенін білесіңдер ме?*<br>*- Дұрыс, ушбұрыш, бірақ қалай таптың? (оның бұрыштары бар).*<br>*Үшбұрыштың түсі қандай?*<br>***Көк***<br>*– Ой, экранның артына тағы біреу тығылып, таныскысы келеді.*<br>*Балалар, бірге айтайық: Бір, екі, уш, шық.*<br><br>*Бұл фигураның аты қалай?*<br>*Дұрыс, төртбұрыш.*<br>*Төртбұрыштың бұрыштары бар ма? түсі қандай?* ***қызыл***<br>*Үлкен бе, кіші ме?*<br>***- (Экран қозғалады)***<br>*Балалар, ол жерде тағы біреу тығылып жатыр.*<br>*Міне, біздің қуанышты қонақтарымыз. Оны шақырайық.*<br>*Бірге айтайық: Бір, екі, үш, шық .*<br>*Мына геометриялық фигураны танидыңдар ма?*<br><br>*Оның шеңбер екенін қайдан білдіңдер?*<br>*-Дұрыс, оның бұрыштары жоқ. Шеңбердің түсі қандай?****Жасыл***<br>*- Үлкен шеңбер ме, кіші ме?* | *Поезд жүріп барады пыш,пыш, пыш.*<br>***Ғажайып сәт***<br>*Ой балалар, кім жылап жатыр? (тышқан)*<br>*Балалар тышқан әтешке бергісі келіп бұршақ тұқымын жинаған, оның қапшығы тесіліп бұршақтары шашылып қалыпты. Тышқанға бұршақ жасауға көмектесеміз бе?*<br>***Шығармашылық бұрыш. Тышқанға бұршақты ермексаздан жасап берейік.***<br>***Дид ойын: «Әтешке сыйлық»***<br>*Шарты: Ермексаздан бұршақ мүсіндеу*<br>*Балалар өздерімен бірге бір қап үрме бұршақ пен тышқанды ертіп кетеді.*<br>*Балалар, біз сыйлықтар алдық, мен сендерге тағы да шарлар алуды ұсынамын.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар үстелге келеді, өздері қалаған шарды таңдайды.*<br>*-Балалар, сендерде қандай әдемі шарлар бар. Олардың түсі қандай екенін білесіз бе? қызыл, көк, жасыл, сары*<br>*- Ал кімде қызыл шар бар көрсетіңдерші.*<br>*Кімде жасыл шар бар, кімде көк шар,кімде сары шар бар*<br>*Балалар көрсетеді.*<br>***Ал енді әтештің үйіне келдік.***<br>***Міне, Әтештің үйі. Олар үйді қағады.***<br>*Әтеш шығады. Балалар* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**Сұрақ-жауап**<br>-Тауық балапандарына не деді?<br>Бізде үлкендерден алыс кетіп қалуымызға болмайды екен.<br>Тауықтың балаларға рақмет айтуы.<br>Саяхаттан қайту<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Амандасу<br>Шеңберге тұру.Шеңбермен жүру<br>-Түрлі бағытта жүру,жүгіру<br>- Жай жүріспен жүру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар: (жалаушамен)**<br>1.Б.қ. тұру, қол төменде, жалауша бір қолда. Жалаушаны оң (сол)қолмен жоғарыда, төменде сілтеу.(3-4 р)<br>2.Б.қ. отыру, аяқ алшақ, жалаушаны екі қолмен ұстау. Алға еңкейіп, жалаушаны еденге қойып, түзелу (3-4 рет)<br>3.Б.қ. Қолда жалауша. Отырып, тұру.(3-4 рет)<br>4. Ек» аяқты қосып | ризашылығын білдіреді.<br><br>Тағы ұшып келе жатып, солып қалған гүлдердің арасынан шыға ламай жатқан көбелекті көреді.<br><br>Гүлдерге сәулесін түсіреді. Олар бастарың көтергенде олардың арасынан көбелек ұшып шығады. Көбелек күн сәулесіне рақметін айтады.<br>Күн сәулесі қиын сәтте басқаларға көмектескеніне өзі риза болады.<br>Күн сәулесі табиғат пен адамзатқа өз шуағы мен жылуы қажет екенін түсініп, аспанға орнына барады.<br>**Сендерге ертегі ұнады ма?**<br>Күннің түсі қандай?<br>Пішіні қандай?<br>Ол қайда тұрады?<br>**Ертегіні талдау.**<br>-күн сәулесі жерден нені көреді?<br>-гүлге қандай көмек көрсетеді?<br>- ара не үшін ұша алмай тұрады? | 2.Б.қ. отыру, аяқ алшақ, жалаушаны екі қолмен ұстау. Алға еңкейіп, жалаушаны еденге қойып, түзелу (3-4 рет)<br>3.Б.қ. Қолда жалауша. Отырып, тұру.(3-4 рет)<br>4. Ек» аяқты қосып алға секіру.<br>5.Тыныс алу.<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.**<br>Төрттағандап еңбекту<br>**Қимылды ойын:**<br>«Құстар ұясында»<br>Ойын шартын түсіндіру.<br>Балалармен бірлесе ойнау.<br>Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру<br>Балаларды мадақтау. | - Жарайсыңдар, қараңдаршы қандай көңілді шеңбер (айналдыру).<br>Сонымен қандай пішіндер шықты?<br><br>**Сергіту сәті. Музыкамен. Ой дамыту.**<br>Енді мұқият қарап шығыңыз және осы пішіндерден не құрастыруға болатынын ойлайық. Үй, шырша, үйшік,<br>**Дид ойын: «Көңілді пішіндер»**<br>**Шарты:** Пішіндерден құрастыру жұмысын жүргізу.<br>- Не салдық? (Үйлер). Бізде әдемі үйлер бар.<br>Қандай пішін қойдық?<br>Төртбұрыш, ушбұрыш.<br>Ал мынау не?<br>Ол құсқа үйшік.<br>Қандай пішіннен салдық?<br>Төртбұрыш, ушбұрыш, дөңгелек есігі.<br>**Қорытындылау.**<br>- Балалар, сендер бүгін тамаша болдыңдар!<br>Геометриялықпішіндерді, дұрыс атадыңдар. | Әтешпен амандасады, сыйлықтар береді, тышқан бұршағын береді, би билейді, Әтеш балаларға тосын сый дайындағанын айтады.<br>Әтеш допты тесіп, ішінен тосын тәттілер төгіледі.<br>**Әтешке туған күніне тақпақ айтып берейік.**<br>**Педагогтың көмегімен.**<br>Әтешке қарап ән салып,<br>Әнші болған балапан.<br>Әтеш болып шақырып,<br>Соқшы, қане, алақан.<br>Балалар әтешке рақмет айтып қоштасады.<br>**Топқа келу.**<br>**Сұрақ-жауап.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *алға секіру.*<br>*5.Тыныс алу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.***<br>*Төрттағандап еңбекту*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Құстар ұясында»*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>*Балалармен бірлесе ойнау.*<br>*Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру*<br>*Балаларды мадақтау.* | *-араға қандай көмек көрсетеді?*<br>*-солып қалған гүлдер арасынан шыға алмай жатқан қандай жәндікке көмек көрседеді?*<br>*Гүлдер, көбелек, ара, күн сәулесіне не айтады?*<br>***Сергіту сәті.***<br>***«Көңілді күн» музыкамен ұоқ аяқтау.*** | | | |
| ***Серуенге дайындық 10.15-10.30*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен,табиғатпен таныстыру,ойындар 10.30-11.50*** | ***Картотека №14***<br>*Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.* | ***Картотека №16***<br>*Бұталарды бақылау.* | ***Картотека №18***<br>*Құстардың ұшып келуін бақылау* | ***Картотека №19***<br>*Қараторғайларды бақылау.* | ***Картотека №20***<br>*Ұяларды бақылау.* |
| | ***Көктем серуен картотекасынан*** | | | | |
| ***Серуеннен оралу 11.50-12.10*** | *Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| ***Түскі ас 12.10-12.40*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Күндізгі ұйқы 12.40-15.00*** | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.*<br>*Ертегі мен жағымды музыка* | | | | |
| ***Біртіндеп Ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары 15.00-15.40*** | ***№5***<br>*"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».*<br>*2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.*<br>*3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау* | | | | |
| ***Бесін ас 15.40-16.20*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел*** | ***Тіл ұстарту жаттығулары***<br>***Ық – ық – ық,***<br>*Тышқан жейді мысық.* | ***Дид ойын: Ғажайып қалта»***<br>***Мақсаты:*** *Ойыншықтардың ажыратып тани білуге үйрету, ойыншықтар туралы* | ***Тәжірибе: Шар неге ұшады?***<br>***Түсіндіру жұмысы:*** *Екі шар біреуі үрленген,* | ***Дид ойын:***<br>***«Аңдарды табайық»***<br>*Мақсаты: Суреттегі жануарлардың іс-* | ***1. Дене шынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім***<br>*Амандасу*<br>*Шеңберге тұру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***үсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)*** ***16.20-16.30*** | ***Кі – кі – кі,***<br>*Айлакер қу түлкі.*<br>***Ян – ян – ян,***<br>*Қорқақ қоян.*<br>***Пі – пі – пі,***<br>*Тікенекті кірпі.*<br>***Ін – ін – ін,***<br>*Жаңғақ жейді тиін.*<br>***Дид ойын: «Бөлігін тап»***<br>*Шарты:*<br>*Ойыншықтардың жоқ бөлігін тауып құрастыру.* | *түсініктерін кеңейту.*<br>***Саусақ ойыны:***<br>*«Саусағымызмыз қайда екен?»*<br>*Саусағымыз қайда екен?*<br>*(саусақтарын көрсетеді)*<br>*Саусағымыз қайда екен?*<br>*Саусағымыз жоқ па екен?*<br>*(саусақтарын жұдырыққа жасырады)*<br>*Саусағымыз міне екен.*<br>*(саусақтарын көрсетеді)*<br>*Саусағымыз билейді, жүгіреді, жүйткиді (аталған әрекеттерді жасайды)* | *екіншісі үрленбеген.*<br>***Сұрақ: Қайсы шар ұшады?***<br>***Үрленген шар неліктен ұшады?*** *Өйткені оның ішінде толы ауа бар, егер оның ауасын шығарсақ мына шар секілді олда ұша алмайды.*<br>*Шардың ауасын шығару. Енді шар ұша алама? Неге?*<br>*Әр балаға шар беру.*<br>***Тыныс алу жаттығуы «Шар үрлейміз»*** | *қимылдарын, сала алады.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көжектер мен түлкі»***<br>***Мақсаты:*** *балалар ойын арқылы шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйренеді..* | *Шеңбермен жүру*<br>*-Түрлі бағытта жүру,жүгіру*<br>*- Жай жүріспен жүру*<br>***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар:***<br>***Доппен жаттығу.***<br>*1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.*<br>*2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру.*<br>*3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу.*<br>*4.Б.Қ.Допты ұстап секіру.*<br>***5.Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«Көкек» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.***<br>*Екі қатарға қойылған (ұзындығы 3 м, арасы 30-40 см алшақ) кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүреді*<br>***Қимылды ойын:***<br>*« Қояндар мен қасқыр»*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды:***<br>*Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.* |
| ***Балалармен жеке жұмыс*** ***16.30-16.40*** | *Достар бірге жүреміз*<br>*Бірге ойнап күлеміз*<br>*Бірге балық аулаймыз*<br>*Міне біздер қандаймыз* | ***Дид ойын: «Қуыршықты жуындыр»***<br>***Мақсаты:****балаларға тазалық туралы үйрету.*<br>*Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.* | *Жарық болсын күніміз*<br>*Жарқын болсын үніміз*<br>*Елін сүйіп ер жетер*<br>*Біз болашақ гүліміз* | ***Дид ойын: «Үлкен-кіші»***<br>***Мақсаты:****заттардыкөлеміне қарай айыра біледі.* | *Күнмен бірге тұрамыз ,*<br>*Құспен бірге ән саламыз*<br>*Қайырлы таң! Ашық күн!*<br>*Көңілді біз баламыз.* |
| ***Серуенге*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***дайындық 16.40-16.50*** | | | | | |
| ***Серуен 16.50-18.00*** | ***Картотека №14*** *Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.* | ***Картотека №16*** *Бұталарды бақылау.* | ***Картотека №18*** *Құстардың ұшып келуін бақылау* | ***Картотека №19*** *Қараторғайларды бақылау.* | ***Картотека №20*** *Ұяларды бақылау.* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы 18.00-18.30*** | ***Ата-аналарға кеңес:*** *«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».* ***Кеңес:*** *«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру* | *Ата –аналармен балалардыңтазалығыжөнінде әңгімелесу Ата-аналарға сауалнама тарату.* | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.* | *Психолог кеңесі (жеке балаларға) Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.* | *Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* |

***Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы***

***Білім беру ұйымы №13«Шұғыла»бөбекжай балабақшасы***

***Топ:«Ботақан»*** ***<u>Ерте жас топ</u>***

***Балалардың жасы:*** ***<u>1-жас</u>***

***Жоспардың құрылу кезеңі : 17.04.- 21.04. 22-23 оқу жылы.***

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау 08.00-08.40*** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| ***Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.40-08.50*** | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* *Ата-аналарағa ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| ***Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,*** | ***Тақпақ оқып түсіндіру.*** *Күн ұйықтайды.* *Күн оянады.* *Жел соқты.* *Жаңбыр жауды,* *Бұлт түнерді.* | ***Дид ойын: «Шарларды өз себетіне жинаймыз»*** ***Шарты:*** *балалар шашылған шарларды өз түстерімен себетке жинайды.* | ***Саусақ жаттығуы:*** *Бас бармағым – әкем,* *Балаң үйрек – анам,* *Ортан терек – ағам,* *Шылдыр шүмек – апам* *Титтей бөбек – мен* | ***Саусақ ойынына арналған өлеңдер*** *Бала, бала, балақан,* *Қане, қайсы алақан?.* *Саусақтарың әйбат,* *Былай, былай ойнат.* | ***Саусақ жаттығуы:*** *Алақан –ау алақан* *Ойын ойнап балақан* *Саусақтарды саралап* *Қол соғайық алақан.* ***Дид ойын: «Кім зерек?»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер 08.50-09.10*** | *Күн ашылды.*<br>***Дид ойын: «Не қалай дыбыстайды?»***<br>***Шарты:** Кейіпкерлерді ит, мысық, тышқан, әтеш) көрсетіп, дыбысын салу.* | | ***Дид ойын: «Ненің баласы екенін тап?».***<br>***Шарты:**Суреттен қоян мен аюды олардың балаларын табады.* | *қозғалтады. (қимылмен)*<br>***Дид ойын: «Қоянға көмектес»***<br>***Шарты:** Үлкен-кіші сәбіздер жинау.* | ***Шарты:** Орны ауысқан ойыншықты тауып орнына қою* |
| ***Таңертеңгі жаттығу 09.10-09.15*** | *Сәуір айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| ***Таңғы ас 09.15-09.45*** | *Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу.* | | | | |
| ***Ұйымдастырылғаніс-әрекетке Дайындық 09.45-10.00*** | *Тіл ұстарту жаттығулары*<br>*Лау-лау –лау*<br>*Желбірейді жалау.* | *Тіл ұстарту жаттығулары*<br>*Ла-ла –ла,*<br>*Біздер жақсы бала* | *Тіл ұстарту жаттығулары*<br>*Ыр-ыр-ыр*<br>*Орманда жүр қасқыр* | *Тіл ұстарту жаттығулары*<br>*Кі-кі-кі*<br>*Ол қу түлкі* | *Тіл ұстарту жаттығулары*<br>*Ю-ю-ю*<br>*Орманда жүр аю* |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 10.00-10.15*** | ***Тосын сәт***<br>***Аудио дыбыс.***<br>*Балалар ненің дыбысын есітіп тұрсыңдар? Педагог есікті ашып, ойыншық кірпіні алып келу.*<br>***Ой қозғау.Түсіндіру.***<br>*Кірпінің үстінде не бар?*<br>*Ол не үшін керек?*<br>*Тікені жауларынан қорғайды.*<br>***Ойын массажы «Кірпі серуендейді»***<br>*Кірпі орман арқылы, орман арқылы жолсыз жүреді*<br>*Ол тікенектерімен қорғанады (Тікенді доппен аяққа, қолға, денеге массаж жасаймыз)*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*- Орманда кірпі жүгіріп өтіп бара жатып, үстіндегі алмасы түсіп қалды. Кірпі алмасын таба алмады. Қане кірпіге көмектесейік.* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Бүгін біз достарымызға аю мен кірпі қонаққа барамыз. Кірпілер мен аюлар қайда мекендейді? (Орманда). Оларға барғыларың келе ме? Иә, олар орманда тұрады бізге бару үшін күш керек, алыс жолға шықпас бұрын күш жинап алайық.*<br>***Сергіту сәті. Музыкамен Саяхатты хабарлау.***<br>***Орман бейнесі жасалған фон пердемен жауып қою.***<br>***Таяқшаны сілку.***<br>***1,2,3 таяқша жолға түс.***<br>***Перденi ашу.***<br>***1-аялдама***<br>*Ой мында отырған не?*<br>*Қонжық. Онымен амандасайықшы.! Ой, балалар, қонжықтың әдемі сандықшасына қараңдар-* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Хат келу***<br>*Құрметті балалар біз сіздерді өзіміздің Циркке қонаққа шақырамыз.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Цирк деген не?***<br>***АҚТ технологиясымен көрсетіп, түсіндіру.***<br>*Балалар саяхатқа барған ұнай ма?*<br>*Ендеше мына сиқырлы таяқшамен цикркке барамыз.*<br>***Дид ойын: «Цирк шатырының құрылысы»***<br>*Балалар геометриялық пішіндерден цирк шатырын салады. Пішіндердің (шеңбер, үшбұрыш, , тіктөртбұрыш) және олардың түсін атау.* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***«Балалар, менің ойымша, біреу есік қағып тұр ма? Бұл кім екен? Почташы топқа сандық әкеледі.***<br>*«Бірақ, ол ашылмайды! Мүмкін ол жерде қазына бар шығар? Қарайықшы, хат бар екен! Қу түлкі былай деп жазыпты: «Менің сиқырлы сандығымды ашу үшін менің барлық тапсырмаларымды орындауларың керек».*<br>***«Бірінші тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Дауысын сал!»***<br>***Шарты:** құстардың, суретін таратып беру. Қандай сурет көрсетеді сол құстың дауысын салады.* | ***Тосын сәт.***<br>***АҚТ технологиясы***<br>*Қонаққа мұңды күн келеді балалар:*<br>*Сәлеметсіңдер ме, балалар!*<br>*Күн сен неге сонша көңілсізсің?*<br>*Орманда жүріп, шуақтарымнан айырылдым.*<br>*Балалар, көмектесіңдерші. Сіз менің сәулелерімді жинап беріңдерші*<br>***(Экраннан күн ғайып болады)***<br>*Ой, күн қайда жоғалып кетті? Іздеп көрейік (сәулесіз мұңды күннің үлгісін табады).*<br>*- Балалар, күн сәулесін жинауға көмектесейік? Орманға барайық!*<br>*Тез бару үшін поездға* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**Дид ойын: «Кірпіге алма береміз»**<br>**Шарты:** ермексаздан алма жасау. Дайын кірпі суретіне жапсыру.<br>**Кірпіге тақпақ айтып берейік.**<br>Мен кірпімін, кірпімін<br>Көрінбей тұр кірпігім<br>Балаларға ұнайды<br>Жүретінім түртіліп.<br>**Дид ойын: «Кірпіге төсек жасап берейік»**<br>**Шарты:** Геометриялық пішіндермен көрпені жамау.<br>**Аудио қосу.**<br>**Сергіту сәті: «Кірпі орманға серуендеуге кетті»**<br>Кірпі жүрді, жүрді, жүрді, (Жаяу жүру)<br>Ол саңырауқұлақ тапты.<br>(Әр бала бір саңырауқұлақ алады)<br>Отырып, тамақтанып, әрі қарай жүрді.<br>(Отырып жүру)<br>Кірпі жүрді, жүрді, жүрді, (Жаяу)<br>Ол жапырақ тапты.<br>(әр бала бір жапырақ алады)<br>Қуанып секірді<br>**Дене шынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім.**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>Қол бүйірде<br>Шеңбер бойымен жай жүру .<br>Шеңбер бойымен тұру. | шы, онда не бар екен?<br>**Қонжық :** мен оны ағаштың түбінен таптым, ашқым келді, бірақ аша алмадым, көмектесіңдерші. (балалар сандықшаны ашуға көмектеседі).<br>**Ой қозғау.**<br>-Онда не бар? (шишкілер).<br>-Ал олар қандай? (әртүрлі), үлкен және кішкентай.<br>- Неше шишкі бар? (көп)<br>Біреуін алып ұстап көрейік, тікенді.<br>Балалар қонжыққа алды-мен үлкен шишкаларды, содан кейін кішкентайлар-ды жинап берейік.<br>**Дид ойын: «Үлкен – кіші шишкілер»**<br>**Шарты:** Үлкен себетке үлкен, кішкентай себетке кіші шишкілерді жинау.<br>Рақмеет балалар. Енді қонжықпен қоштасамыз.<br>**2- аялдама .**<br>Қараңдаршы, балалар, бұлақ ағып жатыр. Біз одан қалай өте аламыз? (аттау, секіру). Ағыстың үстінен секірейік. Бәріміз бір-бірлеп секіреміз.<br>-Ал мынау кірпінің үйі, оны шақырайық: Кірпі,кірпі шық!. Біз саған қонаққа келдік. Сәлеметсіз бе.<br>Неліктен кірпі сонша көңілсіз?<br>-Менің кірпі достарым инелерін жоғалтып алды, маған тауып беріңдерші.<br>**Дид ойын: «Кірпінің инелері»** | <br>- Циркте сайқымазақ бар. Ол күлкілі және бәрін күлдіруге тырысады.<br>**Дид ойын:«Көңілді сайқымазақ» қысқышпен ойын**<br>-Ал енді тағы бір сайқымазақ безендіруге көмектесеміз. Оған әдемі киім қыстырғыш жағасын жасайық.<br><br>– Біздің циркте мықты жігіт өнер көрсетеді. Ол өте күшті және үлкен салмақты көтере алады.<br>**«Ауыр жеңіл» эксперименті**<br>**Шарты:** Қапшықтарды қолдарыңызға ұстап, қайсысы жеңіл, қайсысы ауыр екенін айтыңыз. Балаларға мақта мен малтатас салынған сөмкелер ұсынылады.<br>**Ой дамыту.**<br>- Мына суретте цирктегі күшті адам ауыр гірлер мен штанганы көтереді.<br>Біз оларға штанг жасап берейік<br>**Дид ойын: «Цирктегі штанг»**<br>Шарты: Ермексаздан педагогтың көмегімен | **Торғай «шық-шық-шық» деп,шықылдайды**<br>**-Әтеш «ку-ка-ре-ку»дейді**<br>**-Тауық «қыт-қыт» деп, айтқыздырып қайталату, үйрету**.<br><br>**Екінші тапсырма.**<br>Сергіту сәтімен байланыстыру.<br>**Дид ойын: «Ағындардың ені бірдей ме?**<br>Үлкен ағынды көрсет, ал енді кішкентай ағынды көрсет. Кең ағысты басып өтейік (балалар үлкен қадам жасайды). Ал енді тар ағынмен өтеміз (балалар кішкене қадам жасайды).<br>«Неге біз алдымен үлкен, содан кейін кішігірім қадам жасадық?»<br>**Үшінші тапсырма.**<br>«Қараңдаршы, балалар, сандықтың үстінде бейнелер бар. Бұл не?»<br>Балалар: «Үйлер».<br>«Олар бірдей ме, әлде әртүрлі ме?» Үйлер биік және аласа .<br>**Дид ойын: «Үйлер»**<br>Алдымен биік үй. Қандай геометриялық пішіндерді қолданамыз?<br>**Балалар - Үлкен пішіндерді.**<br>Енді аласа үй. Қандай геометриялық пішіндер | отыру керек.<br>Қане поезд құрастырып алайық.<br>**Дид ойын: «Жүрдек поезд» Пішіндерден поезд құрастыру. Поезд дауысы Аудио.**<br>**1- аялдама**<br>Олар орманға келеді, тиін шығып тұрған шұңқырды көреді.<br>Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұл шұңқырда не тұрады<br>Ойыншық Тиін шығады, балалар тиінмен амандасады:<br>- Сәлем, тиін! Егер сенде күн сәулесі болса, бізге олар өте қажет.<br>Иә бар менде , бірақ моншақтарды жинауға көмектессең ғана қайтарамын, олар менің қолымнан түсіп кетіп шашылып қалды.<br>- Әрине, көмектесеміз.<br>**Дид ойын: «Моншақты жина»**<br>Шарты: Жіпке моншақтар тізу.<br>Балаларды екі топқа бөлу.<br>**1-топ: Қызыл моншақ тізу.**<br>**2-топ: Жасыл моншақ тізу.** Түстерін сұрау.<br>**Тиін күннің шуағын береді.**<br><br>**2-аялдама**<br>**Жүреміз, жүреміз**<br>Балалар әрі қарай жүреді, олар басқа ұя көреді.<br>- Ал мына ұяда не тұрады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы даму жаттығулары. Текшелермен.**<br>1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу.Б. қ. келу.<br>2.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру.<br>3.Қос қолдағы текшелермен оңға,солға иілу.<br>4. Қолдағы текшелерді алға созып отыру, тұру. Б. қ. келу<br>5.Аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау.<br>Алға қос аяқпен секіру.Б. қ.<br>**Тыныс алу жаттығуы.**<br>Текшелерді үрлеу.<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**Еденде жатқан лентадан аттап өту.<br>**5.Қимылды ойын: «Құстар»**<br>Шеңберге тұру.<br>Балаларды мадақтау. | Шарты: Балалар ермексаздан жасалған кірпілерге кірпілермен бірдей түсті инелерді бекітуге көмектеседі.<br>Кірпілер қуанады. Ал енді балалар мен сендермен ойнағым келеді.<br>**Дид ойын: «Кірпі»**<br>Балалар шеңбер бойымен жүріп:<br>Кірпі, кірпі, инелеріңді көрсет<br>Сенің инелерің тікенді.<br>Шеңбер ішіндегі кірпі (педагог) өз сөздерін сөйлем құрайды,<br>**Мен допқа ұқсаймын**<br>**Мен жол бойымен аунаймын,**<br>**Жолды кім кесіп өтеді**<br>**Ол инелерге тиеді.**<br>содан кейін ол балаларды ұстап алады.<br>Тәрбиеші. Сонымен біз достарымызға қонаққа бардық, енді балабақшамен қоштасып, қайтатын кез келді.<br>**Балабақшаға келу**<br>**Балаларды мадақтау.** | штанг жасау.<br>**Сергіту сәті музыкамен.**<br>**Қим ойын:«Үйретілген жануарлар» жаттығуы**<br>Балалар, егер қаласа, жануарларға арналған қалпақтарды киіп, жаттығу жасау.<br>орындайды:<br>**Дене шынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім.**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>Қол бүйірде<br>Шеңбер бойымен жай жүру .<br>Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы даму жаттығулары. Текшелермен.**<br>1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу.Б. қ. келу.<br>2.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру.<br>3.Қос қолдағы текшелермен оңға,солға иілу.<br>4. Қолдағы текшелерді алға созып отыру, тұру. Б. қ. келу<br>5.Аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау.<br>Алға қос аяқпен секіру.Б. қ.<br>**Тыныс алу жаттығуы.**<br>Текшелерді үрлеу.<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**Еденде жатқан лентадан аттап өту.<br>**5.Қимылды ойын:** | қолданамыз?<br>**Балалар - «Кішкентай**<br>Тапсырманы орындадық<br>Бірақ сандықша ашпайды<br>**Төртінші тапсырма.**<br>Бұл не?»<br>Балалар - «Күн шуағы».<br>Күннің түсі қандай?<br>Дұрыс, сары.<br>Күн өте көңілсіз<br>Неге?Өйткені оның шуақтары түсіп қалған.<br>Біз күннің жетіспейтін шуағын толтыруымыз керек<br>**Дид ойын: «Күн сәулесі»**<br>**Шарты:** Ермексаздан күнге сәуле жасау.<br>Алақай сандықша ашылды. Шапалақ.<br>Сандықшаның ішінен түрлі түсті шарлар шығу.<br>**Қим ойын: «Шар жарылды»**<br>**Мақсаты:** Балаларға шарды үрлегенде қандай болады, жарылғанда қандай болады түсіндіру.<br>**Балаларды мадақтау.** | Балаларды ұяға қолын салып көреді.<br>(ішінде тікенді кірпі доп жасырылған) Кірпі пайда болады. Балалар онымен амандасады. - Сәлем, кірпі! Ал сенде күн сәулесі бар ма, олар бізге өте қажет.<br>Иә, бірақ менің кірпілерім-мен ойнасаңдар қайтарамын<br>**массаж доптары.**<br>Балалар мәтін бойынша ойын ойнайды:<br>**Массаж «Кірпі»**<br>Мәтін бойынша жасау.<br>**Кірпі алғыс айтып, күн сәулесін береді.**<br>Жүреміз, жүреміз.<br>**2- аялдама**<br>Балалар әрі қарай барады, олар бір бөшке бал бар көреді.<br>- Балалар, мұнда не тұрады, ол не бал жегенді ұнататын? (балалар аю)<br>Аю пайда болады.<br>Сәлем аю! Ал сінде күн сәулесі бар ма, олар бізге өте қажет.<br>Бар, бірақ маған ірімшік жасап берсеңдер ғана беремін.<br>**Дид ойын: « Аюға ірімшік»**<br>**Тұзды қамырдан модельдеу**<br>Шарты: Тұзды қамырдан шар жасау, алақанмен басу.<br>Енді қарындаштың артқы жағымен ірімшікте дөңгелек тесіктер жасау.<br>**Аю балаларға алғысын айтып, күн сәулесін береді.**<br>Жарайсыңдар балалар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***«Құстар»***<br>*Шеңберге тұру.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Сендерге цирк ұнады ма?***<br>*Біздің қайтатын уақытымыз болды.*<br>*Сиқырлы таяқшаның көмегімен бақшаға қайту.* | | *Барлық сәулелер жиналды! Балабақшаға қайтатын уақытымыз болды.*<br>*Поезд әнінің әуенімен балалар топқа қайтады*<br>***Көңілсіз күнге шуақтарын жапсырып береді.***<br>*Балалар, Қараңдаршы, күніміз көңілді, күлімсіреп қалды! Күн балаларға рахметін айтады. Рахмет, қымбатты балалар! Сіз маған сәулелерді таптыңыз, маған көп көмектестіңіз!*<br>***Балаларды мадақтау.*** |
| ***Серуенге дайындық 10.15-10.30*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен,табиғатпен таныстыру,ойындар 10.30-11.50*** | ***Картотека №1***<br>*Ауа райын бақылау* | ***Картотека № 2***<br>*Күнді бақылау* | ***Картотека № 3***<br>*Желді бақылау* | ***Картотека № 4***<br>*Аспанды бақылау* | ***Картотека № 5***<br>*Бұлтты бақылау* |
| | ***Көктем серуен картотекасынан*** | | | | |
| ***Серуенненоралу 11.50-12.10*** | *Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттіліктпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| ***Түскі ас 12.10-12.40*** | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| ***Күндізгі ұйқы 12.40-15.00*** | | | | | |
| ***Біртіндеп ұйқыда ояту, сауықтырушар алары 15.00-15.40*** | ***№13 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№ 121. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* | ***№ 31. Ояну***<br>*Көзіміздізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап*<br>*Созылып бір алайық.* | ***№51. Ояну***<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақты ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* | ***№61. Ояну***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Бесінас 15.40-16.20*** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту,  ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге  дағдыландыру.* | | | | |
| ***Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) 16.20-16.30*** | ***«Сиқырлы қапшық»*** ***Ойынның мақсаты:*** *заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.* | ***Танып ал да, атын ата*** ***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.* | ***«Түрлі түсті моншақтарды тізу»*** *Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп  тізуге үйрету* | ***«Үлкен-кіші»*** ***Мақсаты:*** *Түстер туралы білімдерін бекіту,заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету.* | ***Денешынықтыру.*** ***Кіріспе  бөлімі:*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Қоян  келеді. Сәлеметсіздер ме балалар, сіздермен дос болғым келеді, ойнағым келеді, менде жаттығу жасағым келеді. Қоянмен  бірге ойнау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамытушы жаттығулар:*** ***/бубенмен/*** ***Б.қ.: «Тик-так»*** ***1****. Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау.   (4рет қайталау)* ***Б. Қ.: «Иықтың жүруі»*** ***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай  айналдыру. /4 р/* ***Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»*** ***3.*** *Аяқтар алшақ  қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу.  /4рет/* ***Б.қ.: «Күнге  жетемін»*** ***4.*** *Орнында тұрып секіру. (10- секунд)* ***Қорытынды:*** *Шеңбер бойы жүру.  Адымдап жүру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *аранның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.***<br>*Жіп үстінен секіріп өту*<br>***қимылды ойын:***<br>*«Көгалдағы қояндар»*<br>*Шарты: Көңілді қояндармен секіру, жүгіру.*<br>*Қоянмен қоштасу.*<br>*Балаларды мадақтау.* |
| ***Балалармен жеке жұмыс 16.30.16.40*** | ***«Таныс пішіндер доминосы»***<br>***Мақсаты:*** *Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту,*<br>*көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру* | ***Ұшақтар***<br>***Ойын шарты:***<br>*Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді.* | ***«Түрлі түсті моншақтарды тізу»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету* | ***Күн мен жаңбыр.***<br>***Ойын шарты:***<br>*Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтар-дың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.* | ***«Не жоқ?»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.* |
| ***Серуенге дайындық 16.40-16.50*** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| ***Серуен 16.50-18.00*** | ***Картотека №1***<br>*Ауа райын бақылау* | ***Картотека № 2***<br>*Күнді бақылау* | ***Картотека № 3***<br>*Желді бақылау* | ***Картотека № 4***<br>*Аспанды бақылау* | ***Картотека № 5***<br>*Бұлтты бақылау* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы 18.00-18.30*** | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.* |

***Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы***

***Білім беру ұйымы №13«Шұғыла» бөбекжай балабақшасы***

***Топ: «Батақан» Ерте жас топ***

***Балалардың жасы: 1-жас***

***Жоспардың құрылу кезеңі : 24.04.- 28.04. 22-23 оқу жылы.***

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.40** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.40-08.50** | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер 08.50-09.10** | ***Картотека №2***<br>***Әдемі кілемшелер***<br>*Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* | ***Картотека №3***<br>***Вагондарға дөңгелек таңдау***<br>*Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.* | ***Картотека №6***<br>***«Сиқырлы қапшық»***<br>*Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.* | ***Картотека №7***<br>***Мынау қай пішін?***<br>*Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.* | ***Картотека №11***<br>***«Түрлі түсті моншақтарды тізу»***<br>*Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету* |
| | ***Коммуникатив дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| ***Таңертенгі жаттығу 09.10-09.15*** | *Сәуірайының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| ***Таңғы ас 09.15-09.45*** | *Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу.* | | | | |
| ***Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық 09.45-10.00*** | ***Ыз, ыз, ыз***<br>***Айгүл жақсы қыз*** | ***Бала, бала, балақан***<br>***Мынау әйбат алақан*** | ***Достар бірге жүреміз,***<br>***Бірге ойнаймыз күлеміз*** | ***Ыс, ыс ,ыс***<br>***Келе жатыр қыс*** | Еш, еш, еш<br>Шақырады әтеш |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған*** | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар мен таңертең топқа келсем, біреу сандықша қойып кетіпті.* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар, біз бүгін таңғажайып, сиқырлы бөлме гүлдерінің еліне –* | ***Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»***<br>*Шарты: Берілген суретке сөйлем құрау.* | ***Таңғажайып сәт:***<br>***Маша келеді. (АҚТ технол)***<br>*- Сәлеметсіңдер ме,* | ***Ой дамыту.***<br>***АҚТ технол жұмыс.***<br>*Балалар айтыңдаршы гүл дегеніміз не?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
